1.4. Палата өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы", "Коммерциялық емес ұйымдар туралы", "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен осы Жарғыны басшылыққа алады

1.5. Палатаның толық атауы: мемлекеттік тілде – «Құқықтық қорғау және заңды қызмет көрсету орталығы» Заң консультанттары палатасы»;

орыс тілінде – Палата юридических консультантов «Центр правовой защиты и оказания юридических услуг».

1.6. Палатаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 15 «Б», «Южный» Бизнес

орталығы, 1офисі. Палатаның және оның тұрысты қызмет ететін Атқарушы органының орналасқан жерлері бір.

1.7. Палата белгісіз мерзімге құрылған.

## **2-тарау. Палатаның қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері**

2.1. Палатаның қызметінің мақсаты мен негізгі түрі жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заң кеңесшілерінің заң көмегін көрсету құру және даму үрдісіне көмек көрсету, және өз мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмек туралы заңнамасының, заң кеңесшілері палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіби этика кодексінің талаптарын сақтауы жағынан олардың қызметін бақылау болып табылады.

2.2. Палата функциялары:

- 1) кәсіптік мінез-құлық қағидалары мен Кәсіптік әдеп кодексін белгілейді;
- 2) палата мүшелігіне қабылдау қағидалары мен шарттарын белгілейді;
- 3) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету стандарттарын, заң көмегі сапасының өлшемшарттарын белгілейді және палата мүшелерінің оларды орындауын қамтамасыз етеді;
- 4) палата мүшелері беретін деректер негізінде, құпиялылық туралы талаптарды есепке ала отырып, палата мүшелері көрсететін заң қызметтерінің алдыңғы кезең үшін қалыптастырылатын орташа құны туралы жиынтық-талдамалық ақпарат соңғы орналастырылған күннен бастап осы ақпараттың жылына кемінде бір рет өзінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді;
- 5) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін белгілейді;
- 6) палатаның бекітілген стандарттарына сәйкес өз мүшелерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
- 7) заң консультанттары палатасының мүшелерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 8) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделерін білдіреді;
- 9) заң консультанттары палатасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;
- 10) осы Заңның, Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін заң консультанттары палатасының мүшелерін жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарайды;

- 11) орта білімнен кейінгі, жоғары заң білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыруға жәрдемдеседі;
  - 12) практиканы қорытады және заң көмегін одан әрі жетілдіру мен дамыту жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді;
  - 13) Палатасы мүшелерінің тізілімін жүргізеді;
  - 14) "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 2.3. Палата өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.
- 2.4. Қызметті үйлестіру, сондай-ақ мүдделерді білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар құра алады.

### **3-тарау. Палатаның құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Палата:**

- 1) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, олар өтініш білдірген жағдайда білдіруге және қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда олардың өкілдері болуға;
- 2) Палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін қабылданған заң көмегін көрсету мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;
- 3) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан Палатаның функцияларын орындауы үшін қажетті ақпаратты алуға;
- 4) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің сот арқылы дау айтуға жататын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотта шағым жасауға;
- 5) дауларды сотта және сотқа дейінгі шешуге, оның ішінде төрелікке қатысуға;
- 6) өз жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;
- 7) Палата мүшелерін кәсіптік оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастыруға;
- 8) Палатаның қағидалары мен стандарттарын, әдеп нормаларын бекітуге;
- 9) Палата мүшелерін олардың заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының талаптарын, әдеп нормаларын, Палатаға мүше болу шарттарын сақтауы бөлігінде бақылауға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарында және Палатаның жарғысында көзделген ықпал ету шараларын өз мүшелеріне қатысты қолдануға құқылы;
- 11) қолданыстағы заңнамаға сәйкес түрде өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.



### 3.2. Палата:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның жарғысын және өзі қабылдаған қағидалар мен стандарттарды сақтауға;
- 2) өкілеттіктері шегінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға;
- 3) мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуге;
- 4) мүшелеріне ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беруге;
- 5) өз қызметінің және өз мүшелері қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етуге;
- 6) уәкілетті органмен және реттеуші мемлекеттік органмен міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген заң көмегін көрсету мәселелері бойынша әзірленетін қағидалар мен стандарттарды келісуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында, Палатаның жарғысында немесе Палата мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге де құжатта белгіленген тәртіппен, кейіннен реттеуші мемлекеттік органдарға бере отырып, өз мүшелерінің қызметіне олар өзін-өзі реттейтін ұйымға есептер нысанында ұсынатын ақпараттың негізінде талдауды жүзеге асыруға;
- 8) мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, заң көмегін көрсету жөніндегі қағидалар мен стандарттарды бұзушылықтары, сондай-ақ Палата мүшелеріне қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында, Палатаның жарғысында немесе Палата мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге де құжатта белгіленген тәртіппен реттеуші мемлекеттік органның назарына жеткізуге;
- 9) тоқсан сайын заң консультанттары палатасына мүшелерді енгізу, мүшелікті тоқтата тұру туралы және мүшеліктен шығару туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

3.3. Палатаның штаттағы қызметкерлеріне еңбек, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнама қолданылады.

## **4-тарау. Мүшелік, Палатаға мүшелікке қабылдау және оны жоғалту шарттары, тәртібі**

4.1. Палата мүше етіп қабылдау осы Жарғының ережелері сақтала отырып жүзеге асырылады.

4.2. Азаматтық істер бойынша жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету түрінде заң көмегін жүзеге асыратын адамдар үшін заң консультанттары палатасына мүшелік міндетті болып табылады.

4.3. Жоғары заң білімі және заң қызметі бойынша екі жыл жұмыс тәжірибесі бар, аттестаттаудан өткен, Палатаның талаптарына сәйкес келетін, оның Жарғысын мойындайтын, оның идеялары мен жұмыс принциптерін қабылдайтын, жеке тұлға - Қазақстан Республикасының азаматы, сондай-ақ

шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам Палатаның мүшесі болып табылады.

4.4. Палата мүшелеріне Палатамен қойылатын қосымша талаптарды көздеуі мүмкін.

4.5. Аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.

Заң консультанттары палатасына кіру үшін аттестаттау жүргізу тәртібі мен шарттарын заң консультанттары палатасы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

4.6. Палатаға мүшелік атқарушы органға Палатасына мүшелікке қабылдау туралы жеке жазбаша өтініш берумен ресімделеді. Өтініште азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетілуге тиіс, егер өтініш беретін адам заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұрса, онда қосымша заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері мен банктік деректемелері көрсетіледі.

4.7. Палата қатысушылардың құрамына қабылдау туралы өтініш Палатаның атқарушы органының қарауына жатады және ол берілген сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде шешім шығару үшін Палатаның Басқармасына беріледі.

4.8. Палата мүшелеріне қабылдау туралы шешімді Палатаның алқалы басқару органы - Палатаның Басқармасы қабылдайды.

4.9. Палатадан шығу ерікті түрде, жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

4.10. Палатаға мүшелікті жоғалту мынадай:

1) Палата мүшесі болып табылатын азамат қайтыс болған, ол қайтыс болды деп жарияланған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылған;

2) Палата таратылған;

3) Палатаның тізілімінен алып тастау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларында жүргізіледі.

4.11. Палата мүшесі Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Палатаның қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғанына орай, сондай-ақ осы жарғының талаптарын бұзған жағдайда ол шығарылып тасталуы мүмкін.

4.12. Палата мүшелері тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

4.13. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Палата мүшелерінің Палатаға өздері берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, олар мүшелері ретінде қатысатын Палатаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Палаталар өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.14. Палата мүшелерінің:

- 1) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда білдіруге;
- 2) барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға;
- 4) процестік құжаттарды, сот істерін қоса алғанда, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға;
- 5) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;
- 6) мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге;
- 7) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;
- 8) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;
- 9) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;
- 10) Палата мүшелерінің жалпы жиналысына қатысу арқылы Палата қызметінің мәселері бойынша өз ұсыныстарын енгізуге;
- 11) Палата органдарына сайлауға және сайлануға;
- 12) Палата қызметі туралы ақпаратты алуға;
- 13) Палатаның акцияларына қатысуға;
- 14) қосымша қаражат енгізуге және Палатаның іс-шараларын өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге құқығы бар.

#### 4.15. Палата мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы қолданыстағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауға;
- 2) заң консультанттары палатасы белгілеген Кәсіптік әдеп кодексінің қағидаларын сақтауға, сондай-ақ "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жарналарды төлеуге;
- 3) кәсіптік қызметте заң көмегін көрсету қағидаттарын басшылыққа алуға;

- 4) соттарда тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету түрінде заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болуға;
- 5) клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;
- 6) заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 7) клиенттің талап етуі бойынша заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін ұсынуға;
- 8) клиенттің талап етуі бойынша, өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінен үзінді-көшірме ұсынуға;
- 9) егер клиент бұған қарсы болмаса, клиентпен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;
- 10) клиенттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді орындауға;
- 11) заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелерін заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл бойы қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық құжаттар нысанында клиенттің талап етуі бойынша сақтауға;
- 12) өзінің біліктілігін ұдайы арттырып отыруға;
- 13) кәсіптік жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

### **5-тарау. Құрылу тәртібі, Палатаны басқару органдарын қалыптастыру тәртібі, құзыреттері және өкілеттіктерінің мерзімі,**

5.1. Палатаны басқару және бақылау органдары мыналар болып табылады:

- 1) Палатаны басқарудың жоғары органы – Палата мүшелерінің жалпы жиналысы;
- 2) Алқалы басқару органы - Палата Басқармасы;
- 3) Атқарушы басқару органы – Палата Төрағасы;
- 4) Бақылау органы - Палатаның Ревизиялық комиссиясы.

5.2. Палатада мамандырылған органдар құрылуы мүмкін.

5.3. Палатаның басқару және бақылау органдары заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша орналасады.

5.4. Палата мүшелерінің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

5.5. Палата мүшелерінің жылдық жалпы жиналысы Палата Басқармасының шешімі бойынша жыл сайын шақырылады.

5.6. Палата мүшелерінің жалпы жиналысын өткізу уақытын, орнын, сондай-ақ ұсынылатын күн тәртібінің сұрақтарын атқарушы орган - Палата Төрағасы айқындайды.

5.7. Кезекті жиналысты жыл сайын Палата Төрағасы шақырады.

5.8. Жиналысты шақыру күні, ұсынылатын күн тәртібі туралы Палата Төрағасы қатысушыларға жиналысты шақыру күніне дейін 40 күнтізбе күн бұрын хабарлайды. Хабарламада жиналысты өткізу уақыты мен орны, сондай-ақ көзделген күн тәртібі көрсетіледі. Палатаның барлық қатысушылары немесе олардың өкілдері тіркелген, хабардар болған және ашық жиналыстың уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жиналыс хабарланған уақыттан бұрын өткізілмейді.

5.9. Жалпы жиналысқа Палата мүшелерінің не тиісінше ресімделген өкілеттіктері бар олардың өкілдерінің кемінде үштен бірі қатысқан жағдайда бұл жиналыс заңды болып есептеледі.

5.10. Жалпы жиналыста Палата мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда жалпы жиналыс қайта шақырылуға жатады. Қайта шақыру кезінде Палата қатысушыларының белгілі бір саны жиналысқа қатысқан кезде ол заңды болып есептеледі.

5.11. Қайталама жалпы жиналыстың күн тәртібі болатын жалпы жиналыстың күн тәртібінен өзгеше болмауға тиіс.

5.12. Жиналыстың жұмыс регламенті, күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер мен ұсыныстар қатысушы Палата мүшелерінің жай көпшілігімен қабылдайды, әрбір қатысушы Палата мүшесі бір шешуші дауысқа ие болады.

5.13. Палата мүшелерінің жалпы жиналысының шешімдері ашық дауыс беру арқылы қатысатын мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Жалпы жиналыста Палатаның әрбір мүшесінің бір дауысы бар.

5.14. Жалпы жиналыстың кезектен тыс шақырылымы Палата Төрағасының, Басқармасының шешімі бойынша немесе Палата мүшелерінің 1/3 бөлігінің талабы бойынша жүргізіледі.

5.15. Палата мүшелерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар:

- 1) Палата жарғысын қабылдау, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
- 2) Палатаның қағидалары мен стандарттарын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
- 3) Палатаның мамандандырылған органдарын құру, олар туралы ережелерді және олардың қызметін жүзеге асыруы қағидаларын бекіту;
- 4) Палата Басқармасының сандық құрамын анықтау, Палата Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін сайлау, Басқарма Төрағасының және мүшелерінің өкілеттіктерін толығымен немесе ішінара уақытынан бұрын тоқтату;
- 5) Палата төрағасының атқарушы басқару органының функцияларын жүзеге асыратын адамдарын лауазымға тағайындау, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босату, тиісінше атқарушы басқару органын құру және оның өкілеттіктерін тоқтату;
- 6) Палата жарғысында белгіленген тәртіппен Палатаның Ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлау;
- 7) Палатаның тәртіп комиссиясы туралы ережені бекіту;

- 8) ықпал ету шараларын, оларды қолдану тәртібі мен негіздерін, Палата мүшелерінің Палата қағидалары мен стандарттарының талаптарын бұзғаны туралы істерді қарау тәртібін, Палатаға мүше болу шарттарын бекіту;
  - 9) Палата қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру мен пайдалану қағидастарын айқындау;
  - 10) Палата Басқармасының, атқарушы басқару органының - Палата төрағасының, Ревизиялық комиссияның және мамандандырылған органдардың есептерін Палатаның жарғысында белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімділікпен бекіту;
  - 11) Палата бюджетін бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Палатаның жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 12) Палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді қабылдау, таратушыны немесе тарау комиссиясын тағайындау;
  - 13) адамдардың өтініштерін Палата мүшелерінен шығарып тастаудың негізсіздігіне қарау;
  - 14) Палатаның қағидалары мен стандарттарын бекіту;
  - 15) Палатаның бухгалтерлік есебін және қаржы есептілігін жүргізуді тексеруді аудиторлық ұйымды тағайындау;
  - 16) Қазақстан Республикасының заңдарына және Палата жарғысына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау жатады.
- 5.16. Палата мүшелерінің жалпы жиналысы Палата қызметіне қатысты кез келген басқа мәселені қарау үшін қабылдауға құқылы.
- 5.17. Палатаны басқарудың алқалы қадағалаушы органы Басқарма болып табылады.
- 5.17.1. Палатаның алқалы органы кемінде үш адамнан құрылуға тиіс, олар Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен үш жыл мерзімге сайланады.
- 5.17.2. Басқарма шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы бар.
- 5.17.3. Палата Басқармасының құзыреті:
- 1) Палатаның Төрағасының қызметіне тағайындау үшін кандидатты не кандидаттарды Палата мүшелерінің жалпы жиналысына ұсыну және оларды қызметінен босату туралы ұсыныс енгізу;
  - 2) Палата мүшелерінің жалпы жиналысына Палатаның Ревизиялық комиссиясының құрамына сайлау үшін кандидаттарды ұсыну және оларды міндеттерінен уақытынан бұрын босату туралы ұсыныс енгізу;
  - 3) Палата бюджетінің, Қағидалардың, Стандарттардың, Кәсіби этика кодексінің жобаларын және өзге де құжаттардың жобаларын Палатаның жалпы жиналысының қарауына енгізу туралы шешім қабылдау;
  - 4) Палатаның Төрағасының қызметін тексерулерді өткізу туралы шешімдер қабылдайды;
  - 5) жыл айынғы мүшелік жарналардың көлемдерін анықтау;

6) Палата құрған төрелікте өтініштері бойынша қаралатын дауларға қатысушылардың таңдауы үшін, кандидатуралары төрешілер ретінде ұсынылуы мүмкін адамдардың тізбесін бекіту;

7) заң консультанттарының кәсіптік даярлық тәртібі мен нысандары, біліктілігін арттыру туралы ережені бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Палата Жарғысында көзделген негіздер бойынша Палата мүшелеріне кіру немесе Палата мүшелерінен шығу туралы шешімдер қабылдайды;

9) Палатаның орналасқан жеріне қатысты Палатаның Жарғысына өзгерістер енгізу;

10) Палатаның жалпы жиналысының құзыретіне осы Жарғымен жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5.18. Палата төрағасы Палатаның жоғары лауазымды адамы болып табылады, атқарушы органды басқарады және бүкіл қаржы жылы ішінде оның қызметі үшін дербес жауапты болады. Палата мүшелеріне есеп береді және жалпы жиналыстарда қабылданған шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Палата төрағасы ретінде Палата мүшелерінің қатарынан жеке тұлға ғана болуы мүмкін. Палата төрағасымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

5.19. Палата төрағасы жалпы жиналыспен үш жылға сайланады, сол мерзімге қайта сайлануға құқылы.

5.20. Палата төрағасының құзыреті:

1) жыл сайынғы кірістер-шығыстар сметасын, есептерді дайындау, Палатаның шаруашылық қызметінің жедел, статистикалық және бухгалтерлік есебін жүргізу;

2) жалпы жиналысты өткізу орны мен уақытын айқындау;

3) жиналыс шешімдерінің орындалуын тексеруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) бекітілген кірістер мен шығыстар сметасы шеңберінде Палата қаражатына билік ету;

5) осы Жарғыда жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылмаған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5.21. Палатаның төрағасы:

1) барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен кәсіпорындарда Палатаның мүдделерін білдіруге;

2) Палатаның атынан сенімхатсыз әрекет етуге;

3) сенімхаттар беруге;

4) банктерде есеп айырысу және өзге де шоттарды ашуға;

5) шарттарды, келісімдер мен келісімшарттарды, оның ішінде еңбек шарттарын, келісімдер мен келісімшарттарын жасауға және бұзуға;

6) Палата қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және одан шығаруға, сондай-ақ оларды ауыстыру туралы бұйрықтар шығаруға, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындауға, лауазымдық айлықақы мен дербес үстемақылар мөлшерін

белгілеуге, сыйлықақы беру мәселелерін шешуге, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын қолдануға;

7) өкілеттіктер тоқтатылатын күнге дейін күнтізбелік бір ай бұрын Палатаның жалпы жиналасына бұл туралы хабарлап, өзіне қабылдаған Палата төрағасының міндеттерін атқарудан мерзімінен бұрын кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

5.22. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Палата мүшелерінің жалпы жиналысы үш жыл мерзімге сайлайтын Ревизиялық комиссия жүзеге асырады.

5.23. Палата төрағасы мен ревизиялық комиссия құрамын қайта сайлау Палата мүшелерінің ұсынысы бойынша Палатаның кез келген кезекті (кезектен тыс) жалпы жиналысында жүзеге асырылуы мүмкін.

5.24. Ревизиялық комиссия Палатаның лауазымды адамдарынан барлық қажетті бухгалтерлік, қаржылық және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Палата қызметінің мәселелері бойынша жеке түсіндірмелерді талап етуге құқылы.

5.25. Қаржы жылы ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтосқанға дейін болып белгіленеді. Бухгалтерлік есеп пен есептілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5.26. Ревизиялық комиссияның талабы бойынша Палатаның кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылуы мүмкін.

## **6-тарау. Палата Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

6.1. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатады.

6.2. Палатаның Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды Палата мүшелерінің жалпы жиналысының қарауына Басқарма шығарады немесе Палата мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігінің талабы бойынша шығарылады.

6.3. Палатаның Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі шешімді Палата мүшелерінің жалпы жиналысы төрттен үш көпшілік дауыспен қабылданады.

## **7-тарау. Қаражатты, мүлікті қалыптастыру көзі**

7.1. Палатаның қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдалануында немесе меншігінде ғимараттар, құрылысжайлар, жабдық, құрал-сайман, ақша, сондай-ақ Палатаның қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де мүлік болуы мүмкін.

7.2. Палатаға және оның құрылымдық бөлімшелеріне берілген мүлік Палатаның меншігі болып табылады. Палата мүшелерінің Палата мүлкіне мүліктік құқықтары жоқ. Олар бірлестік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің



міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7.3. Палатаның мүлкін қалыптастыру көздері мыналар:

- 1) Палата мүшелерінің міндетті жарналары;
- 2) еркін мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 3) кәсіпкерлік қызметке, Палатаның коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат;
- 4) кәсіпкерлік қызметке, Палатаның коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты ақпараттық материалдарды сатудан алынған қаражат;
- 5) заңда тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.

7.4. Палатада жыл сайынғы мүшелік жарналар белгіленеді.

Жыл сайынғы мүшелік жарналар жылына бір рет ағымды жылдың 25 қаңтардаң кешіктірмей төленеді. Палата мүшелеріне жаңадан келген адамдар Палата мүшелеріне қабылдау туралы Палата Басқармасының шешімі шығарылғанға дейін жарналарын төлейді.

Жыл сайынғы мүшелік жарналардың мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он бес еселенген мөлшерінен кем емес және жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерді құрауға тиіс.

Нысаналы пайдалану тәртібі, сондай-ақ өз мүшелеріне ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы хабарлау жыл сайын есептік жиналыстарда жүзеге асырылады.

7.5. Палатаның ақша қаражаты оның мүшелері арасында қайта бөлінуі мүмкін және жарғылық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін ғана пайдаланылады.

## **8-тарау. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі**

8.1. Палатаны қайта ұйымдастыру (бірігу, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүзеге асырылады. Палатаны қайта ұйымдастыру Палатаға тиесілі құқықтар мен міндеттердің оның құқық мирасқорларына ауысуына әкеледі.

8.2. Палатаны тарату:

- 1) Палатаның жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- 2) сот шешімі бойынша.

8.3. Тарату туралы шешім жалпы жиналыста қайта ұйымдастыру туралы шешім сияқты тәртіппен қабылданады.

8.4. Палата таратуды жалпы жиналыс немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер көшеді. Тарату комиссиясы Палатаның мүлкін бағалайды, дебиторлар мен кредиторларды анықтайды, Палата борыштарын үшінші тұлғаларға төлеу үшін шаралар қолданады, тарату балансын жасайды және оны Палата мүшелерінің жалпы

жиналысына ұсынады. Тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлғаның атынан сотта әрекет етеді.

8.5. Палатаны тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі.


8.6. Міндетті мүшелікке негізделген Палатаны таратылған жағдайда, оның мүшелері үш ай ішінде міндетті мүшелікке негізделген басқа Палатаға кіру жарнасын төлеумен кіруге міндетті.

8.7. Таратылған Палатаның мүлкі мен қаражаты кредиторлармен есеп айырысудан кейін осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарға беріледі.

8.8. Палатаны тарату Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне бұл туралы жазба енгізілгеннен кейін аяқталған болып есептеледі.

**«Құқықтық қорғау және заңды қызмет  
көрсету орталығы» заң консультанттары  
палатасының Төрағасы**

**Исатай Бақытжан Құнанбайұлы  
Құрылтайшыларыдың Жалпы жиналысы  
шешімінің негізінде  
(2018 жылғы 23 қарашадағы №1 хаттама)**

 Исатай Бақытжан Құнанбайұлы